

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 14 бұйрығы.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 27.01.2013 № 66 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 27.01.2013 № 66 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 27.01.2013 № 66 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
1999 жылғы 22 ақпандағы
№ 14 бұйрығымен
бекітілген

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 28.05.2020 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы № 254 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес әзірленген және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қолдануына жатады, заңнамаға сәйкес оған жылжымалы мүлік кепілінің жекелеген түрлерін тіркеу жүктелген.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) көрсетілетін қызметті алушы (уәкілетті өкіл) – көрсетілетін қызметті алушыға кепілді тіркеу туралы өтінішті беретін тұлға; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші, сол сияқты кепіл ұстаушы өтініш беруші бола алады;

3) жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі – жылжымалы мүлік кепілі ақпаратына қол жеткізудің, жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге электрондық нысанда өтініш жіберудің бірыңғай терезесін және көрсетілетін қызметті берушінің осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де әрекеттерін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесі);

4) жылжымалы мүлік – көлік құралдарын, айналымдағы тауарларды, бағалы қағаздарды, ақшаны, мүліктік құқықтарды, оның ішінде болашақтағы өнімге және өзге де мүлікке құқықты қоса алғанда, жылжымайтын мүлікке жатпайтын мүлік;

5) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары қамтылған өзге де шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылар әрекеттерінің жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және көрсетілетін қызметті беруші осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де әрекеттерін білдіретін, көрсетілетін қызметті берушінің жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

6) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік – көрсетілетін қызметті берушінің өтініш берушіге беретін және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

7) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) – көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

8) кепілді электрондық тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 23.02.2024 № 159 (24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Нұсқаулықтың күші міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге, сондай-ақ тіркелуін Заңға сәйкес өзге де уәкілетті органдар жүзеге асыратын жылжымалы мүлік кепілінің жекелеген түрлерін тіркеуге қолданылмайды.

2-тарау. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тәртібі

4. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу:

1) кепіл туралы шарт немесе кепіл туралы талаптар қамтылған өзге де шарт тараптарының бірінің талап етуі бойынша;

2) егер кепіл туралы шартта немесе кепіл туралы талап қамтылған өзге де шартта кепілдегі мүлікті кейіннен кепілге қоюға (қайта кепілге қоюға) тыйым салынған болса, жүзеге асырылады;

5. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру қызметті беруші www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы не осы Нұсқаулықтың 1 - қосымшасына сәйкес баяндалған "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Заңның 5-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен көрсетілетін қызметті алушының "электрондық үкімет" веб-порталы, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы берген өтініші негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін негіз Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды тіркей отырып, осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап өтініш қабылданған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде;

www.egov.kz порталында немесе ақпараттандыру объектілері мемлекеттік қызмет тіркеуші органның ақпараттық жүйесіне жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгені туралы растау келіп түскен немесе төлемнен босатылған кезден бастап 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілінің тіркеліміне кепіліді тіркеу туралы өтініштен алынған деректерді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған не ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы немесе ақпараттандыру объектілері Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті беруші тіркеуге берілген өтініште көрсетілген мәліметтердің және мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың деректемелерінің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Кепіл туралы шартта кепіл нысанасы, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің мәні, мөлшері немесе барынша жоғары сомасы мен орындау мерзімі көрсетілуге тиіс.

Кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүлік және (немесе) жылжымалы мүліктің жекелеген санаттары (машина жабдығы мен материалдық айналым құралдарының қорларын қоса алғанда) кепілмен қамтамасыз етудің нақты сипаттамасын талап етусіз және кепіл нысанасын бағалаусыз кепіл нысанасының ортақ сипаттамасы болуы мүмкін.

Кепіл туралы шартта тараптардың қайсысында кепілге салынған мүлік бар екені және оны пайдалану мүмкіндігі көрсетілуге тиіс.

Кепіл нысанасын бағалау, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, теңгемен көрсетіледі және тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін. Шетел валютасында міндеттеме қамтамасыз етілетін кепіл нысанасын бағалау теңгемен және кепіл туралы шартты жасау күніндегі айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша міндеттеме валютасында көрсетіледі.

Тіркеуге ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне мәліметтер енгізеді және осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті қалыптастырады.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге ұсынылған құжаттарда бұзушылықтар анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту шығарады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді тіркеу жағдайында көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тіркеу туралы өтінішті ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті алушы жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік телнұсқасын алу туралы өтінішті және тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатты, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төлемді растайтын құжатты ұсынады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізеді .

16. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының ақпараттық жүйесі бұзылған жағдайда бір жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор Нұсқаулықтың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті берушімен қол қояды.

17. Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінде кепілді тоқтату кепіл берушінің негізгі міндеттемені орындауын растайтын құжат ұсыныла отырып, осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепіл ұстаушының өтініші негізінде жүргізіледі.

Осы мүлікке басқа кепіл ұстаушылар болған кезде кепілді тоқтату оларды хабардар ету туралы құжат ұсынылған соң жүзеге асырылады.

Құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші кепілдің тоқтатылуын тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес кепілдің тоқтатылғаны туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеген кезде жіберілген техникалық қателерді түзету мүдделі тұлғаның өтініші бойынша жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тіркеуге өтініште көрсетілген мәліметтерді тексереді, мәліметтерді архивтік материалдардың деректерімен салыстырып тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне "ерекше белгілер" бағанына, сондай-ақ кепілді тіркеу туралы куәлікке қосымша жазба енгізу арқылы техникалық қателерді түзетеді.

Әділет министрлігі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 23.02.2024 № 159 (24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

19. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды карауды жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу"

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Кепілді тіркеу (мемлекеттік тіркеу куәлігі)
2. Шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтардың өзгеруін тіркеу (қайта кепіл)
3. Талаптарды беруді тіркеу
4. Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарламаны тіркеу, сауда-саттықты өткізу туралы тіркеу
5. Кепілді тоқтатуды тіркеу
6. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметтерді көрсетілетін тәсілдері	<p>"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы / "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ақпараттандыру объектілері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кепілді тіркеу (мемлекеттік тіркеу куәлігі) 2. Шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтардың өзгеруін тіркеу (қайта кепіл) 3. Талаптарды беруді тіркеу 4. Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарламаны тіркеу, сауда-саттықты өткізу туралы тіркеу 5. Кепілді тоқтатуды тіркеу. 6. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған бастап: мемлекеттік қызмет өтініш қабылданған бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетіледі;</p> <p>2) "электрондық үкімет" порталында: www.egov.kz. мемлекеттік қызмет тіркеуші органның ақпараттық жүйесіне жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгені немесе алымды төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут;</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.</p>
		Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде:

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	<p>1. Кепілді тіркеу (мемлекеттік тіркеу куәлігі)</p> <p>2. Шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтардың өзгеруін тіркеу (қайта кепіл)</p> <p>3. Талаптарды беруді тіркеу</p> <p>4. Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарламаны тіркеу, сауда-саттықты өткізу туралы тіркеу</p> <p>5. Кепілді тоқтатуды тіркеу</p> <p>6. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру</p>
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште:</p> <ul style="list-style-type: none"> - міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, кепілді тоқтату Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап; - берілетін куәліктерге қатысты жоғалғанның орнына жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы; <p>2) www.egov.kz порталы арқылы электрондық форматта:</p> <p>жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын кепілді тоқтату туралы хабарлама немесе Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны –электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз бетінде.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері,	<p>1) жеке тұлғалардан – айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 1 мөлшерлемесі;</p> <p>2) жеке тұлғалардан – 5 АЕК.</p> <p>Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті беру үшін – ҚҚС-ын есепке алмай, 30,05 теңге.</p>

	және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алудың тәсілдері	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін – 0,5 АЕК.
7	жұмыс кестесі көрсетілетін қызметті берушінің	<p>1) жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>2) құжаттарды қабылдау және беру бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін;</p> <p>3) ақпараттандыру порталы/объектілері жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс уақыты, жексенбі және мереке күндері аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің кіші түрлеріне құжаттар тізбесі:</p> <p>- заңды тұлға үшін өкілеттігін растайтын құжат бойынша;</p> <p>жеке тұлға үшін (нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі);</p>

көрсетілетін қызметті берушіге:

1. Кепілді тіркеу (мемлекеттік тіркеу куәлігі):

1) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы өтініш;

2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) сенімхат (өтініш беруші сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда). Салыстыру үшін сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылады, содан кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады;

4) тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

2. Шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтардың өзгеруін тіркеу (қайта кепіл):

1) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тіркеу туралы өтініш;

2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) сенімхат (өтініш беруші сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда). Салыстыру үшін сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылады, содан кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады;

4) тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

3. Талаптарды беруді тіркеу

1) құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді тіркеу туралы өтініш: (активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт) Тізбенің 8-

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес;

- 2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) сенімхат (өтініш беруші сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда). Салыстыру үшін сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылады, содан кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады;
- 4) тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

4. Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарламаны тіркеу, сауда-саттықты өткізу туралы тіркеу

- 1) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тіркеу туралы өтініш;
- 2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) сенімхат (өтініш беруші сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда). Салыстыру үшін сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылады, содан кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады;
- 4) тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

5. Кепілді тоқтатуды тіркеу

- 1) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш ;
- 2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) сенімхат (өтініш беруші сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда). Салыстыру үшін

сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылады, содан кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады;

4) тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

6. Көрсетілетін қызметті алушы жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алады, мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу туралы өтініш;

тіркеу алымы сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік үшін төленгенін растайтын құжат.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді қызметкер тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

2) www порталы арқылы. egov. kz / барлық кіші түрлері бойынша ақпараттандыру объектілері: осы Нұсқаулыққа 2, 9, 10-қосымшаға сәйкес тиісті нысандағы өтініш (сұрау салу); көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында; "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы төлеуді қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден бас тартудың негіздері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері	<p>деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) кепілді тіркеу туралы өтініштің "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Заңның 9-бабының талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) өтінішті тиісті тұлғаның бермеуі;</p> <p>4) жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымның және кеме немесе салынып жатқан кеме ипотекасының төленгенін растайтын құжат.</p>
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану мүмкіндігі немесе қабілетінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы көрсетілетін қызметті беруші тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған – www.gov.kz.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда ЭЦҚ болған немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алады.</p> <p>Сандық құжаттар қызметі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде рұқсат етілген</p>

пайдаланушылар үшін қол жетімді

Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, бұдан әрі "цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарау қажет.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулыққа 2-қосымша нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы өтініш № _____

Кепіл беруші _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ә.(болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә), тұрғылықты жері, ЖСН, туған күні және жылы)

(Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН)

Жеке басты куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____ № _____ жылы _____ берген

(құжатты берген органның атауы

Пошталық мекенжайы, телефоны _____ атынан әрекет ететін

(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

Кепіл ұстаушы _____

(жеке тұлғаның Т.А.Ә., туған күні мен жылы, ЖСН, немесе заңды тұлғаның атауы мен БСН)

Жеке басты куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____ № _____ жылы _____ берген

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефоны _____

_____ атынан әрекет ететін

(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

Жылжымалы мүлік кепілі шартын тіркеуді сұраймын: _____

Шартты жасасқан күн _____

Шартты жасасқан орын _____

Кепіл нысанасы туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің тізбесі мен сипаттамасы)

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолданыс мерзімі _____

Кепілге қойылған мүлік:

кепіл берушінің _____ кепіл ұстаушының _____ иелігінде және пайдалануында қалады.

Оны пайдалануға болатыны: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз)

Қайта кепілге қою туралы мәліметтер: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз).

Өтініш берушінің электрондық поштасының мекенжайы _____

Өтінішке қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ № _____ сомасы _____

2. _____

Өтініш берілген күн: 20__ ж. _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ ж. _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Уақыты: _____ сағат _____ минут.

Заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы _____ "___" _____

(қолы)

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)

Өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тіркеу туралы № _____ өтініш

Кепіл ұстаушы _____

(Жеке тұлғаның Т.А.Ә.(ол болған кезде) (бұдан әрі – Т.А.Ә),

туған күні мен жылы, ЖСН немесе заңды тұлғаның атауы мен БСН)

Жеке басты куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефоны _____

_____ атынан әрекет ететін
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

негізінде _____

Кепілдің өзгеруін және/немесе толықтыруын немесе тоқтатуын тіркеуді сұраймын:

Шартты жасасқан күн _____

Шартты жасасқан орын _____

Кепіл нысанасы туралы мәліметтер (жылжымалы мүлік сипаттамасы) _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолданылу мерзімі _____

Кепілге қойылған мүлік:

кепіл берушінің _____ кепіл ұстаушының _____ иелігінде және
пайдалануында қалады.

Оны пайдалануға болатыны: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз)

Қайта кепілге қою туралы мәліметтер: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз).

Өтініш берушінің электрондық поштасының мекенжайы (болған кезде) _____

Өтінішке қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ № _____ сомасы _____

2. _____

Өтініш берілген күн: 20__ ж. _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ ж. _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Уақыты: _____ сағат _____ минут.

Ескертпе: Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекен-жайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактiлерге жіберiлген хабарлама (хабархат) тиiстi және жеткiлiктi деп саналатындығын өзiнiң қолтаңбасымен растайды.

_____ " ____ " _____ 20__ ж.

(қолы)

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
3-қосымша
Нысан

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)

20 ____ ж. " ____ " _____ № _____ өтініш бойынша құжаттардың болуына қолхат

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Қабылданған құжаттар тізбесі (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді):

1. Төлегені туралы құжат: түрі _____ № _____ сомаға _____

2. _____

Қабылдаған: _____ Өтінішті орындау күні _____

Мемлекеттік корпорацияның өтініштерді қабылдау жөніндегі қызметкерінің Т.А.Ә.

(ол болған кезде) және қолы

20 ____ ж. _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
4-қосымша

Егер кепіл беруші жеке тұлға болса, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу туралы, егер кепіл беруші заңды тұлға болса, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық куәліктің нысаны

МІНДЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІК КЕПІЛІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Органның атауы _____

№ _____ Күні _____

№ _____ Күні _____

_____ кредитор банк _____ берілді

Мынадай:

Мүлік түрі	Тізілімдік нөмірі	Кепіл нысанасының сипаттамасы	Құрамдастарының саны	Құны
------------	-------------------	-------------------------------	----------------------	------

жылжымалы мүлікке қатысты кепіл тіркелгенін растау үшін.

Кепіл ұстаушының құқығы:

БСН _____ ЖСН _____

Кепіл ұстаушының атауы: _____

Заңды мекенжайы: _____

_____ кепіл нысанасына

мыналардың негізінде туындады:

№ _____ күні __ кепіл туралы шарт

№ _____ қосымша келісім, № _____ кепіл туралы шартқа

_____ қосымша келісім жасалған

күн ____ (бар болған жағдайда)

Тіркелген күні ____ және № __ және мынадай негізгі талаптарды қамтиды:

Негізгі міндеттеме мерзімі _____ ай

Негізгі міндеттеменің мөлшері _____ теңге

Кепіл берушінің деректері

БСН _____

Ұйымның атауы

Заңды мекенжайы _____

Мүлікке құқық түрінің атауы _____

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

штрих-код "Жылжымайтын мүлік кепілінің тізілімдемесі" АЖ-дан алынған және тиісті Мемлекеттік корпорацияның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу жөніндегі
нысан нұсқаулыққа
5-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының 4 Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметті берушінің филиалы (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбағаныңызға, сондай-ақ қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынғаныңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету үшін (Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3)

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден, 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (болған жағдайда) (көрсетілетін қызметті беруші филиалының құжаттарды қабылдау жөніндегі қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

Телефоны _____

Алдым: _____

Көрсетілетін қызметті алушының / Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы

20__ жылғы " __ " _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
6-қосымша
Нысан

Парақ № _____

Тіркеу ісі № _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі

Жазба №	Тізілім №	Кепіл нысанасы	Кепіл ұстаушы	Кепіл беруші	Кепіл сомасы	Шарттың қолданылуы
			Ж е к е тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған кезде), тұрғылықты	Ж е к е тұлғаның Т.А.Ә. (ол болған кезде), тұратын жері,		

			жері, туған күні және жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, БСН	туған күні және жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, БСН		
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы:

Ауыртпалықтың туындауы		Ауыртпалықтың тоқтатылуы		Тіркеушінің ерекше белгілері
Құжаттың атауы және №	Күні мен уақыты (сағаты және минуты) тіркеу №; тіркеушінің Т.А.Ә. (ол болған кезде), және қолы	Құжаттың атауы және №	Күні мен уақыты (сағаты және минуты) тіркеу №; тіркеушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), және қолы	
8	9	10	11	12

Тіркеу парағын жабу/жалғастыру туралы жазба

Жабу/жалғастыру үшін негіздеме	О р н ы ауыстырылған (жапқан кездегі) жазбалардың немесе соңғы жазбалардың жалғастырған кездегі) тізбесі	Парақ нөмірі (жалғастырған кездегі)	Күні, уақыты (сағаты және минуты)	Тіркеушінің Т.А.Ә. (ол болған кезде) және қолы
--------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------	-------------------------------------	------------------------------------------------

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулыққа 7-қосымша Нысан

_____ органның атауы

20__ ж. " __ " _____ № _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

_____ берді

кепіл ұстаушының немесе кепіл ұстаушының уәкілетті өкілінің деректемелері
Мынадай:

Мүлік түрі

Тізілімдік нөмірі

Кепіл нысанасының сипаттамасы

Құрамдастарының саны Құны

жылжымалы мүлікке қатысты кепіл тіркелгенін растау үшін.

Кепіл ұстаушының құқығы _____

жеке тұлғаның Т.А.Ә.(ол болған кезде), тұрғылықты жері, туған күні және жылы,
заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН

кепіл нысанасына _____

кепіл нысанасының сипаттамасы

кепіл туралы шарттың негізінде туындады _____

Шарт жасалған күн

тіркелген _____ және мынадай негізгі талаптарды қамтиды:

тіркелген күні және нөмірі

_____ негізгі міндеттемелердің мөлшері, орындалу мерзімі және кепілдің басқа да талаптары

_____ кепіл берушінің _____ құқығы

құқық түрі, жеке тұлғаның Т.А.Ә.(ол болған кезде), тұратын жері,
туған күні және жылы

заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН

расталды _____

кепіл нысанасына құқық белгілейтін құжаттың атауы,
қабылдау күні, тіркеу нөмірі және күні

Тіркеуші _____

Т.А.Ә.(ол болған кезде) қолы

Басшы _____ М.О. _____

Т.А.Ә.(ол болған кезде)

_____ қолы

Ескертпе:

1. Осы куәлік кепіл өтелген кезде Мемлекеттік корпорацияға қайтарылуға тиіс.
2. Куәлік жоғалған (бүлінген) кезде құқық иеленушісі куәліктің жоғалған (бүлінген) себебін көрсетіп, Мемлекеттік корпорацияға өтініш береді.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
8-қосымша
Нысан

Міндетті мемлекеттік

тіркеуге жатпайтын жылжымалы
мүлік кепілін тіркеуден
дәлелді бас тарту туралы хабарлама

Өтініштің бірегей №: _____ Күні _____

Бас тартудың негізі: _____

(заңның баптарына сілтемесі бар, заңгермен келісілген дәлелді бас тартудың мәтіні
Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылады)

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003
жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен
бірдей.

штрих-код "Жылжымайтын мүлік кепілінің тізілімдемесі" АЖ-дан алынған және
тиісті Мемлекеттік корпорацияның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол
қойылған деректерді қамтиды

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
9-қосымша
нысан

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ ("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)
Өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тіркеу туралы № _____ өтініш
Кепіл ұстаушы _____

(Жеке тұлғаның Т.А.Ә.(ол болған кезде) (бұдан әрі – Т.А.Ә),
туған күні мен жылы, ЖСН немесе заңды тұлғаның атауы мен БСН)
Жеке басты куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефоны _____

_____ атынан әрекет ететін
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ (өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)
негізінде _____

Кепілдің өзгеруін және/немесе толықтыруын немесе тоқтатуын тіркеуді сұраймын:

Шартты жасасқан күн _____

Шартты жасасқан орын _____

Кепіл нысанасы туралы мәліметтер (жылжымалы мүлік сипаттамасы) _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолданылу мерзімі _____

Кепілге қойылған мүлік:

кепіл берушінің _____ кепіл ұстаушының _____ иелігінде және пайдалануында қалады.

Оны пайдалануға болатыны: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз)

Қайта кепілге қою туралы мәліметтер: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз).

Өтініш берушінің электрондық поштасының мекенжайы (болған кезде) _____

Өтінішке қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ № _____ сомасы _____

2. _____

Өтініш берілген күн: 20__ ж. _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ ж. _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Уақыты: _____ сағат _____ минут.

Ескертпе: Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекен-жайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

_____ "___" _____ 20__ ж.

(қолы)

Міндетті мемлекеттік
тіркеуге жатпайтын
жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа
10-қосымша
нысан

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ ("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу туралы № _____
өтініш

Мен, _____

(Т.А.Ә. (ол болған кезде) (бұдан әрі – Т.А.Ә)

(жеке тұлғаның паспорт деректері (жеке куәлігінің деректері) және тұратын жері)

_____ мекенжайы бойынша тұратын

_____ негізінде

(өкілеттіктерді куәландыратын құжаттың деректемелері)

_____ атынан әрекет ететін

(заңды тұлғаның атауы мен деректемелері)

_____ (уәкілетті өкіл толтырады)

(Жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе кепіл берушінің заңды тұлғасының атауы)

жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беруді сұраймын:

Жылжымалы мүлік объектісінің түрі _____

(кепіл беруші бойынша деректер болған кезде толтырылады)

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. Төлеу туралы құжат: түрі _____, № _____, күні _____

сомасы _____

2. Өкілеттікті растайтын құжат № _____

Күні _____ / _____ / _____ /

(өтініш берушінің қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә)

_____ (өтінішті қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә. және қолы)

Өтініш берілген күн: 20 ____ ж. " ____ " _____

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі: _____

_____ (Тексерілді: күні: ____ ж. _____)

Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Ескертпе: Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекен-жайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық

мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

_____ " ____ " _____ 20__ ж.
(қолы)

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркеу туралы
нұсқаулыққа
11-қосымша
Нысан

Міндетті мемлекеттік
тіркеуге жатпайтын жылжымалы
мүлік кепілін тіркеуден
алып тастау туралы хабарлама
Міндетті мемлекеттік
тіркеуге жатпайтын жылжымалы
мүлік кепілін тіркеуден
алып тастау туралы хабарлама

Өтініштің бірегей №: _____ Күні _____
Алып тастау үшін негіз: _____

